

"Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінде (Салық кодексі), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңында белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 93 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 87 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 06 наурызда № 14874 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 21 ақпандағы № 67 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.02.2018 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінде (Салық кодексі), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңында белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10538 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қосылған құн салығы есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесінде:

"

76	Сұйықтарды немесе ұнтақтарды шашыратуға және тозандатуға арналған, өзге де: ауыл шаруашылығына және бау-бақшаға арналған құрылғылар	8424 81
----	---	---------

77	Ауыл шаруашылығына немесе бағбандыққа арналған құрылғылар: суаруға арналған керек-жарақтар	8424 81 100 0
----	--	------------------

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

76	Ауыл шаруашылығына немесе бағбандыққа арналған басқа да құрылғылар	8424 82 8424 41 8424 49
77	Ауыл шаруашылығына немесе бағбандыққа арналған бүріккіштер: суару үшін	8424 49 100 0 8424 41 100 0 8424 82 100 0

";

"

94	Пресс жинағыштарды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар немесе тетіктер, сабанды немесе пішенді дестелерге буып-түюге арналған престер; пішен шалғылары және көгал шалғылары; 8437 тауар позициясының машиналарынан басқа, жұмыртқаларды, жемістерді немесе басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тазалауға, сорттауға немесе калибрлеуге арналған машиналар	8433 (8433 20 500 0 , 8433 30 000 0 , 8433 90 000 0 басқа)
----	---	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

94	Пресс жинағыштарды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар немесе тетіктер, сабанды немесе пішенді дестелерге буып-түюге арналған престер; пішен шалғылары және көгал шалғылары; 8437 тауар позициясының машиналарынан басқа, жұмыртқаларды, жемістерді немесе басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тазалауға, сорттауға немесе калибрлеуге арналған машиналар	8433 (8433 20 500 0 , 8433 30 000 0 , 8433 51 000 1 , 8433 51 000 9 , 8433
----	---	---

		9 0 000 0 басқа)
--	--	----------------------------

”;
”

133	Импринтерлер (imprinter); төлем карточкаларын дербестендіруге арналған құрылғылар; эмброссерлер (embossing machine, embosser); электронды депозитарлық машиналар; кэш-диспенсерлер (Cash Dispenser)*	8472 9 0 700 0
-----	--	----------------------

”

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

133	Импринтерлер (imprinter); төлем карточкаларын дербестендіруге арналған құрылғылар; эмброссерлер (embossing machine, embosser); электронды депозитарлық машиналар; кэш-диспенсерлер (Cash Dispenser)*	8472 9 0 990 0
-----	--	----------------------

”;
”

254	Қара металдардан жиналатын құрылыс құрастырмалары: жылыжайлар	9406 00 310 0
255	Модульдік үйлер шығаратын зауыттарға арналған қара металдан немесе өзге материалдардан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары	9406 00 380 9
255	Модульдік үйлер шығаратын зауыттарға арналған қара металдан немесе өзге материалдардан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары	9406 00 800 9

”

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

”

254	Қара металдардан жиналатын құрылыс құрастырмалары: жылыжайлар	9406 90 310 0
255	Модульдік үйлер шығаратын зауыттарға арналған қара металдан немесе өзге материалдардан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары	9406 90 390 9
255	Модульдік үйлер шығаратын зауыттарға арналған қара металдан немесе өзге материалдардан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары	9406 90 900 9

”;
”

256	Өзге материалдардан жасалған жылыжайлар	9406 00 800 9
-----	---	---------------

”

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

256	Өзге материалдардан жасалған жылыжайлар	9406 90 900 9
-----	---	---------------

”;
”

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Салық және кеден саясаты департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Т. Сүлейменов